



Даланың ұлы ұлдары

Б а т ы р
бабаларымыздың
биік рухына тағзым
ету және тағдырдың
сан алуан

өткелдерінен сүрінбей өткен ата тарихымыздан тағылым алу үшін ұйымдастырылған «Даланың ұлы ұлдары» атты екі бөлімнен тұратын тарихи-әдеби кеш 16-шы қазан күні Нұра көпсалалы колледжінде өткізілді.

Тарихи-әдеби кештің бірінші бөлімі Қазақ хандығының 550 жылдығына, ал екінші бөлімі «Бір ел, бір кітап» аясында өтіп жатқан дала дауылпазы - Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» атты трилогиясына арналды.

Бұл шараны Нұра орталық кітапханасының қызметкерлері мен атаамыш колледждің ұйымдастырушылары бірігіп дайындады.

Кешті колледж директоры Нұқышев Құсайын Бақшұлы жылы лебізді тілегімен ашты.

Мерекелік кешті орталық кітапхананың қызметкерлері Бақытжан Исакова мен Светлана Курпрянчик екі тілде жүргізді. Олар: «Қазақ халқының түрлі мемлекеттік бірлестіктерге бытырап, саяси бөлшектенуін жоюға әрекет жасау Өріс ханның ұрпақтары – Болатұлы Керей мен Барақұлы Жәнібектің үлесіне тиді. Ал қазақ жеріндегі саяси бытыраңқылық, әсіресе Әбілқайырдың билігі тұсында өзінің шарықтау шегіне жетті», - деп кешті бастады.

Колледждің шығармашылық кештерін ұйымдастырушысы Айжарқын Ермектің жетекшілігімен дайындалған өнерлі студенттерден құралған топ: Баймағамбет Саламат (Керей), Ернар Шүлембаев (Жәнібек), Қаналбек Ұлар, Қайсар Жақупов, Нұрлан Шахабаев (ақсүйектер) «Сұлтандар кеңесі» атты көріністі көрермендерге тарту етті.

Одан әрі «Қуат алып Абайдың тіл күшінен,

Жыр жазамын Абайдың үлгісімен», - деп Мұқағали жырлағандай, ата-баба дәстүрінен үлгі алып,

қазаққа тән қара өлеңге табынып, «Шабьт» әдеби клубының мүшесі Бақытұлы Жандос өзінің шығармашылық өлеңдерімен сахнаға шықты. Ол қазақ халқын бір хандыққа біріктіріп, қазақ мемлекетінің іргетасын қалаған Абылай ханға арнауын және биылғы айтулы күндерге арналған «Мерекелі жыл» атты өлеңін оқыды.

Одан кейін колледж студенттері өлең мен жырға



кезек берді. Атап айтсақ, Нұрлан Шахабаевтың оқуында «Біз қазақпыз!» өлеңі, Ернар Шүлембаевтың оқуында «Земля Казахстана» және т.б.

Рухты көтеретін отты билер мен әсем әндерді Мәдениет үйінің қызметкерлері Амангелді Шахарбаев «Байтақ елім, Қазақстаным», «Қазақстан» әндерін, Артем Андреев «Дом родной» деп аталатын әнін, «Салтанат» би тобы «Әке толғауы» биін дүйім жұртқа паш етті.

Қазақстан халқы үшін 2015 жыл аталып өтетін мерейтойларға толы жыл. Соның ішінде жоғары деңгейде аталып, өтіліп жатқан саяси-қоғамдық маңызы бар мерекелер — Ұлы Жеңістің 70 жылдығы және Қазақ хандығының 550 жылдығы. Осы орайда, 2015 жылы бүкіл ел болып оқуға Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер, қазақ совет қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың бірі болып тарихи романдар жазып, әлемге танымал болған жа-

зушы, драматург, ақын, сценарист Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы таңдалды. Бұл таңдау ақынның 100 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО аясында дүниежүзілік дәрежеде аталып өтуімен және жоғарыда аталған тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келіп отыр.

Осы тұста Ілияс Есенберлиннің тарихи трилогиясында қазақ елінің XV - XIX ғғ. Тәуелсіздік үшін табанды күрестерін көркем суреттейтіндігі жайлы, сонымен қатар тарихи жазба деректерге, шежіре мағлұматтарына, аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, қазақ халқының тарихының аса маңызды тұстарын ашып, көптеген тарихи қайраткерлердің көркем тұлғасын жасағандығы жайлы жүргізушілер екі тілде әңгімелеп берді.

Шара барысында, кешке қатысушылардың назарына қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деп аталған халықтың ұлы апатында шұбыраған елдің қанды жасынан туған, қайғысына жер жүзіндегі бірде-бір әуен пар келмес атақты «Елім-ай» әні бейнекөрініс арқылы ұсынылды.

Одан кейін колледж студенттері «Көшпенділер» трилогиясындағы өлең-жырлардан үзінділер оқыды. Атап айтсақ, ұлы жырау Асан Қайғының толғауын Айбек Ілиясов, «О мой многотрадальный народ» («Елім-ай» әнінің орысша нұсқасын) Туркина Дана мен Самат Салтанат оқыды.

Сондай-ақ, кешке келген қонақтар «Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы – Қазақ хандығы» және «Дала тарихының дауылпазы» атты екі бөлімнен тұратын кітап көрмесі мен «Қазақ хандығына – 550 жыл» деген тақырыптағы слайдталған көріністі тамашалады.

Кеш Амангелді Шахарбаевтың орындауында патриоттық сезімді оятатын «Қазақстан» әнімен аяқталды.

**Г.Алибекова,
«Шабьт» әдеби өмір
клубының мүшесі**